

«С.Көбеев атындағы мектеп балабақшасы кешені» КММ  
Қамқоршылық кеңесі жиналысының хаттамасы

Хаттама № 1.

Өткізілген уақыты: «10» мамыр 2022 жыл  
Қатысқандар: 10  
Мектеп директоры: А.К. Дузбаев

Жаланащ ауылы

**Күн тәртібі:**

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Дузбаев хабарлама жасады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының 5 – тарау 30- тармағының 1 – тармақшасына сәйкес, жаңа сайланды. Енді осы кеңеске өз араларыңыздан төраға сайлануы керек. Ал хатшы бұл кеңеске мүшелеріне кірмейді. Осыған өз пікірлеріңізді қоссаңыздар.

**Жарыс сөз:**


**Қабиолданова Қ:** Қамқоршылық кеңесінің төрағасы С.Топаевты ұсынамын. Өзі бұрыннан бұл істі біледі, сондықтан өз даусымды Сайлаубек ағаға беремін.

**Дайнбаева С:** менде бұл шешімді қолдаймын. Қамқоршылық кеңес төрағасы Топаев Сайлаубек болуға лайықты. Алдағы күндері бірігіп жұмыстар жасаймыз.


**Омарова Г:** Бұл шешімді менде қолдаймын. Жақсы жұмыстар жасамыз деп сенемін, бір ауыздан Топаев Сайлаубек төраға болуға әбден лайықты. Ал хатшы болып Солтанова Бақыт қалсын деп ойлаймын.

**Шешім:**

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы Топаев Сайлаубек Баймолданович сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңес хатшысы болып Солтанова Бақыт сайлансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы :  С.Топаев

Хатшы:



Б.Солтанова

«С.Кобеев атындағы мектеп балабақшасы кешені» КММ  
Қамқоршылық кеңесі жиналысының хаттамасы

Хаттама № 1.

Өткізілген уақыты: «18 Тамыз» 2022 жыл

Қатысқандар: 10

Мектеп директоры: А.К. Дузбаев

Жаланап ауылы

Төрағалық етуші: Топаев С.Б./ қамқоршылық кеңес төрағасы/

**Қатысқандар:**

1. Дузбаев Адилет Курултаевич – Мектеп директоры,
2. Омарова Гулнара Сағатбековна - Кеңес мүшесі,
3. Хасенов Қанат - Кеңес мүшесі,
4. Аршабаев Самат Кадирбекович - Кеңес мүшесі,
5. Қабиолланова Қаламқас Қабиоллақызы - Кеңес мүшесі,
6. Дайнбаева Сымбат Саркытбаевна - Кеңес мүшесі,
7. Солтанов Кадирхан Нургалиевич - Кеңес мүшесі,
8. Касенова Бұлбұл Нигметовна - Кеңес мүшесі,
9. Мұхаметбек Жансая Мұхаметбекқызы - Кеңес мүшесі,
10. Солтанова Бақыт Нургалиевна - Кеңес хатшысы.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру.
2. Әлеуметтік аз қамтылған оқушылармен күн көрісі төмен отбасы балаларына материалдық көмек көрсету.
3. «Мектепке жол» акциясы барысында қаражат жұмсау бойынша бақылау жүргізу.


**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру жұмыстары туралы кеңес төрағасы С.Топаев айтып, кеңес мүшелеріне нақты тапсырма берілді.
2. Күн тәртібіндегі 2 мәселе әлеуметтік аз қамтылған оқушылармен күн көрісі төмен отбасы балаларын анықтау материалдық көмек көрсету туралы мектеп психологы А.Жумагалиева айтып өтті.
3. Күн тәртібіндегі 3-мәселе «Мектепке жол» акциясы барысында қаражат жұмсау бойынша бақылау жүргізу туралы қамқоршылық кеңес мүшесі С.Аршабаевтың ұсынысы тыңдалды.


**ҚАУЛЫ:**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сұрақтар қаралып, пікір ұсыныстар ескеріліп, төмендегідей қаулы қабылданды.

1. Қамқоршылық кеңес қолынан келгенше «Мектепке жол» акциясы аясында мектепке көмектесіп, өздері тапсырылған міндеттер бойынша мектеппен үнемі байланыс жасап отыруына бағытталған жұмыстар атқарсын.
2. Жеке шаруа қожалықтары бар, жеке кәсіпкер ауыл азаматтарымен үнемі байланыс жасап мектепте кездесулер өткізіп, әлеуметтік аз қамтылған оқушыларға өздерінің көмектерін көрсетуіне жұмыстар жүргізу кеңес мүшелеріне тапсырылсын.
3. Демеушіліктен түскен қаржының орынды жұмсалуына қамқоршылық кеңестің мүшелеріне бақылау жасау жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  С.Топаев

Хатшы:

 Б.Солтанова